

**ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ ЖУАЛЫ
АУДАНЫ ӘКІМДІГІН БІЛІМ БӨЛІМІ «ШҰҒЫЛА» БӨБЕКЖАЙ-
БАЛАБАҚШАСЫ 2023 ЖЫЛДЫҢ 21 ЖЕЛТОҚСАНДА ӨТКІЗІЛГЕН
ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ**

№ 5 ХАТТАМАСЫНЫҢ КӨШІРМЕСІ

Қатысқандар саны:

Бөбекжай – балабақша әкімшілігі – 3

Қамқоршылық кеңес мүшелері - 9

Қатыспағаны: жоқ.

Күн тәртібінде:

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданы әкімдігінің білім бөлімінің «Шұғыла» бөбекжай- балабақшасы кезекті мемлекеттік аттестаттауға дайындығы және өзін-өзі бағалау құжаттарын қорытындысымен қамқоршылық кеңес мүшелерін таныстыру туралы.

1. Тыңдалды. Ш.Жанхожаева / меңгеруші /

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 5 бабының 9 тармағына, 59 бабының 3,4 тармақтарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығы негізінде бөбекжай – балабақшада 2021-2022, 2022-2023 және ағымды оқу жылындағы қызметі өзін-өзі бағалау жұмыстарын жүргізілгенін атап өтті. Білім беру сапасын нәтежелі түрде бақылуға алуды тапсырды. Бөбекжай – балабақшада өзін- өзі бағалау объектілеріне сараптама комиссия мүшелері мұқият талдау жүргізді. Атап айтанын болсақ : тәрбиленушілердің тізімдік контингенті, оқу-әдістемелік жұмыс, оқу материалдық активтер, кадрлік құрамға талдау жасалды. Ш.Жанхожаева педагогикалық қызметкерлерді 2023 жылдың 15 қараша мен 20 желтоқсан аралығында атқарылған барлық жұмыстармен және өзін -өзі бағалау материалдарымен таныстырды.

Комиссия мүшесі Г.Стаева сөз алып: Атқарылған жұмыстар бойынша объектілерге мұқият талдау жүргізілгені және типтік оқу бағдарламасының игеру деңгейлері, перспективалық жоспар, апталық циклограммалар туралы айтты. Бөбекжай-балабақша қызметі нормативтік құжатарға сәйкес екентігін атап көрсетті . Бөбекжай-балабақша педагогтері курстарға, семинарларға, конференцияларға қатысу арқылы кәсіби біліктіліктерін жүйелі түрде арттырып отырғанын, сонымен қатар тәрбиеленушілердің оқу жүктемесіне ең жоғарғы көлеміне қойылатын талаптарға сәйкес сақталғандығын айтты . Сонымен қатар барлық атқарылып жатқан жұмыстардың Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына» сәйкес жүргізіліп жатқандығын атап өтті.

Қамқоршылық кеңестің мүшесі сөз алды. Бөбекжай-балабақшада баланың дамуы және жеке басын толыққанды қалыптастыру үшін жағдай жасалғанын, дамытушы заттық-кеңістіктік ортаның мазмұны баллардың мүделеріне сай екенін айтты. Өзін-өзі бағалау критерийлеріне сәйкес бөбекжай – балабақша жұмысының қызметі жақсы деңгейде екені айтылды.



Шешім :

4. Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданы әкімдігінің білім бөлімінің «Шұғыла» бөбекжай- балабақшасы кезекті мемлекеттік аттестаттауға дайындығы «қанағаттанарлық» деп табылсын.
5. Мемлекеттік аттестаттау кезінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығы негізге алынсын.
6. «Өзін-өзі бағалау» құжаттары 2023 жылдың 25 желтоқсанға дейін дайындалып, өз уақытында уәкілетті ұйымға тапсырылсын.

Жиналыс төрайымы:  Ш.Жанхожаева.

Хатшы:  Г. Оразбаева

Қамқоршылық кеңестің мүшелері :

	К.Қамбарова
	Л. Укимбаева
	Е. Урынбасаров
	М. Токназарова
	І. Пернебек
	Д. Қыдырбаев
	Д. Нургалиев
	Е. Орынбай
	Қ. Утепов